

## ШАХМАТТЫҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЫНИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

<sup>1</sup>Аманжолова Б.О.<sup>а</sup>, <sup>2</sup>Көкебаева Р.С.

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Хат алмасу үшін автор: Аманжолова Б.О. [bagilaamanzholova@gmail.com](mailto:bagilaamanzholova@gmail.com)

**Андатпа.** Бұл мақалада шахматтың бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау қабілеттерін дамытудағы маңыздылығы жан-жақты зерттеледі. Зерттеу жұмысы шахматтың танымдық және логикалық дағдыларды қалыптастыруға, оқушылардың когнитивтік белсенділігін арттыруға әсерін ғылыми негізде талдауға бағытталған. Авторлар шахматтың білім беру жүйесіне енгізілуінің педагогикалық тиімділігін тәжірибелік және эмпирикалық әдістер арқылы анықтаған.

Зерттеу үш негізгі кезеңнен тұрды: констатаушы эксперимент, шахмат элементтерін оқу процесіне енгізу және қалыптастырушы эксперимент. Әр кезеңде оқушылардың логикалық, сыни және шығармашылық ойлау қабілеттеріндегі өзгерістер бағаланды. Әсіресе, шахмат ойынының оқушылардың шешім қабылдау, ақпаратты талдау және проблемаларды шешу қабілеттерін едәуір жетілдіргені анықталды.

Сондай-ақ, зерттеуде сауалнама, бақылау, когнитивтік тестілеу әдістері қолданылып, олардың нәтижелері арқылы шахматтың оқу мотивациясы мен зейін тұрақтылығына оң ықпал еткені көрсетілді. Эксперименттік деректерге сәйкес, жоғары деңгейдегі сыни ойлау қабілеті бар оқушылардың үлесі бастапқы 22%-дан 64%-ға дейін артқан, ал төмен деңгейдегі оқушылар 30%-дан 6%-ға дейін азайған. Бұл нәтижелер t-тест арқылы статистикалық тұрғыда маңыздылығы ( $p < 0.05$ ) дәлелденген.

Мақалада отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге шолу жасалып, шахматтың білім беру саласындағы артықшылықтары теориялық тұрғыда талданады. Зерттеу нәтижелері шахматты бастауыш сынып бағдарламасына енгізудің оқыту сапасына және оқушылардың когнитивтік дамуына тиімді ықпал ететінін дәлелдейді. Сонымен қатар, бұл зерттеу шахматты педагогикалық құрал ретінде пайдаланудың әдістемелік негіздерін ұсыну арқылы Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңғыртуға өз үлесін қосады.

**Түйін сөздер:** шахмат; сыни ойлау; бастауыш сынып; танымдық белсенділік; оқыту әдістемесі; шығармашылық қабілет.

**Кіріспе.** Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау қабілеттерін дамыту қазіргі білім беру жүйесінің негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Сыни ойлау – бұл ақпаратты талдау, жүйелеу, қорытынды жасау және дұрыс шешім қабылдау қабілеті. Бұл дағдыларды қалыптастыру оқушылардың танымдық және шығармашылық әлеуетін жетілдіру үшін маңызды. Шахмат ойыны сыни ойлауды дамытуда тиімді құрал ретінде қарастырылады. Оның логикалық ойлауды, стратегиялық жоспарлауды және шешім қабылдауды қажет ететін сипаты оқушылардың когнитивтік қабілеттерін жан-жақты дамытады [1, 3-б.].

Қазақстанның білім беру жүйесінде шахматтың қолданылуы соңғы жылдары өзекті мәселеге айналды. Бұл инновациялық әдісті бастауыш сынып бағдарламаларына енгізу оқушылардың логикалық және сыни ойлау қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді. Елбасының білім беру жүйесін жаңғыртуға қатысты ұстанған саясаты аясында шахматты мектеп бағдарламасына енгізу туралы бастамалар қолға алынуда. Бұл бастамалар

халықаралық тәжірибеге негізделген және заманауи білім беру әдістерін пайдалануды көздейді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, шахматты оқу үдерісіне қосу оқушылардың оқу жетістіктерін арттырады. Мәселен, Гарвард университетінің зерттеулері шахмат ойнайтын оқушылардың танымдық қабілеттері 17%-ға жоғары екенін дәлелдеді [2, 15-б.]. Ресейде жүргізілген зерттеулер шахматтың балалардың математикалық қабілеттерін дамытуға ықпал ететінін көрсетті [3, 15-б.]. Қазақстанда шахматтың білім беру жүйесіндегі рөліне қатысты зерттеулер енді ғана басталуда, бірақ Алматы, Астана және басқа да ірі қалаларда мектептерде шахмат элементтері енгізілген пилоттық бағдарламалар нәтижелері оң көрсеткіштер беруде.

Отандық және шетелдік ғалымдар шахматтың оқушылардың сыни және танымдық қабілеттеріне әсерін жан-жақты зерттеген. Геворкян (2023) шахматтың когнитивтік функцияларды жетілдірудегі маңызын көрсетті, ал Patel (2024) шахматтың оқушылардың стратегия құру және шешім қабылдау дағдыларын арттыруға әсерін атап өтті [4, 5 121, 15-б.]. Қазақстандық ғалымдар арасында Г. Даулетова мен Қ. Әлімова еңбектері шахматтың оқу-тәрбие процесіндегі рөлін зерттеуде маңызды. Олар шахмат элементтерін қолдану бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыратынын анықтады [6, 7 103, 52-б.].

Бұл оң нәтижелер шахматты бастауыш білім беру мазмұнына жүйелі түрде енгізудің маңыздылығын айқындайды. Аталған пилоттық жобалар барысында оқушылардың логикалық ойлау, мәселені талдау және шешім қабылдау дағдыларының айтарлықтай жақсарғаны байқалды. Сонымен қатар, шахмат арқылы оқушылардың зейіні мен есте сақтау қабілеті артып, сабырлық пен жауапкершілік сияқты тұлғалық қасиеттері де дами түсуде. Мұндай нәтижелер шахматтың тек ойын ретінде ғана емес, сонымен қатар білім беру құралы ретінде де жоғары әлеуетке ие екенін дәлелдейді.

Зерттеудің мақсаты – шахматтың бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау қабілеттерін дамытудағы тиімділігін анықтау. Бұл зерттеу оқушылардың логикалық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға, білім беру бағдарламаларын жетілдіруге және педагогикалық тәжірибені байытуға үлес қосуды көздейді. Шахматты оқу-тәрбие үдерісіне енгізу Қазақстанның білім беру жүйесінде инновациялық әдістерді қолдануға ықпал етеді, бұл өз кезегінде оқушылардың жеке даму деңгейін арттырады.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеудің ғылыми негізділігін қамтамасыз ету үшін бірқатар педагогикалық және эмпирикалық әдістер қолданылды. Педагогикалық бақылау әдісі арқылы оқушылардың оқу-тәрбие процесіне қатысуы және олардың шахмат сабақтары барысында көрсеткен әрекеттері мен өзгерістері тіркелді. Анкета әдісі оқушылар мен олардың мұғалімдерінің шахмат сабақтарына қатысты пікірлерін анықтауға, сондай-ақ оқушылардың өз ойлау қабілеттерінің дамуын қалай қабылдайтынын бағалауға мүмкіндік берді. Когнитивтік тестілер шахматтың сыни ойлау қабілеттеріне әсерін анықтау үшін қолданылып, оқушылардың когнитивтік және логикалық ойлау деңгейлерін өлшеуге бағытталды. Константаушы эксперимент әдісі зерттеудің бастапқы кезеңінде оқушылардың сыни ойлау қабілеттерінің бастапқы деңгейін анықтау үшін жүргізілді. Қалыптастырушы эксперимент шахмат сабақтарын оқу үдерісіне енгізу арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытудың тиімділігін бағалауға бағытталды.

Зерттеу жұмысына бастауыш сыныптың әртүрлі жастағы 50 оқушысы қатысты, олардың жасы 8-10 аралығында болды. Оқушылардың танымдық деңгейлерінің әртүрлілігі зерттеу нәтижелерін кеңінен бақылауға мүмкіндік берді. Оқу материалдары шахматтың негізгі ережелерін, комбинациялық стратегияларын және шахмат ойындарына арналған тапсырмалар жинақтарын қамтитын әдістемелік құралдардан тұрды. Сонымен қатар, зерттеуде мультимедиялық құралдар (интерактивті тақталар мен шахмат бағдарламалары) және шахмат тақталары қолданылды.

Зерттеу үш негізгі кезеңде жүзеге асырылды. Бірінші кезеңде бастапқы диагностика жүргізіліп, оқушылардың шахмат ойынына дейінгі сыни ойлау деңгейі арнайы тесттер мен

бақылау арқылы анықталды. Екінші кезеңде шахмат элементтері оқу үдерісіне енгізіліп, оқушыларға шахматтың негізгі ережелері, стратегиялары мен тактикалық комбинациялары оқытылды. Осы кезеңде оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту үшін ойындық және проблемалық оқыту әдістері қолданылды. Үшінші кезеңде нәтижелер бақылауға алынып, қалыптастырушы эксперименттің тиімділігі бағаланды. Эксперимент нәтижесінде алынған мәліметтер оқушылардың сыни ойлау қабілеттерінің айтарлықтай дамығанын көрсетті.

**Нәтижелер.** Зерттеу барысында шахматтың бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау қабілеттеріне әсері бірнеше әдістер арқылы жан-жақты бағаланды. Әр әдіс бойынша алынған нақты нәтижелер төменде сипатталған.

Зерттеу кезеңдерінде педагогикалық бақылау әдісі қолданылып, оқушылардың шахмат сабақтарына қатысуы мен олардың танымдық белсенділігі бағаланды. Сабақтардың басталуына дейін оқушылардың тапсырмаларды шешуге деген ынтасы төмен, ал белсенділік деңгейі орташа болды. Шахмат сабақтары енгізілгеннен кейін оқушылардың сабақтарға қызығушылығы артқаны байқалды. Белсенді түрде жауап беретін және тапсырмаларды орындауға ынталы оқушылардың үлесі 30%-дан 70%-ға дейін өсті. Сонымен қатар, оқушылардың ұжымдық жұмысқа бейімділігі мен өз бетімен шешім қабылдау қабілеттері айқын жақсарды. Бұл өзгерістер сабақ барысында оқушылардың ойлау процестерінің белсендірілуімен түсіндірілді.

Шахмат сабақтары бастауыш сынып оқушыларының оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың танымдық белсенділігін тереңінен ынталандырды. Сабақ барысында балалардың ойлау әрекеті жанданып, берілген тапсырмаларға үстірт қарамай, мәнін түсінуге және шешу жолдарын өз бетінше іздеуге дағдылана бастады. Жаңа ақпаратпен жұмыс істеу барысында олар мәселені бірнеше қырынан қарап, өзіндік тұжырымдар мен болжамдар жасауға бейімделе түсті. Бұрынғыдай мұғалімнің нұсқауын күтпей, бастамашылық танытып, өзіндік көзқарас білдіруге тырысатын оқушылар қатары артты. Бұл өзгерістер олардың танымдық процестерізейін, есте сақтау, логикалық талдау мен ой қорыту сияқты маңызды когнитивтік қабілеттерінің дамуымен тікелей байланысты.



Сурет 1 - Педагогикалық бақылау нәтижесі


Шахмат ойыны арқылы балалар пікірталас жүргізуге, өзгелердің ойын тындап, өз көзқарасын дәлелді түрде жеткізуге дағдыланды. Мұндай ортада олар серіктестерімен қарым-қатынас орнатуды, бірлесе әрекет етуді үйренді. Топтық талқылау мен ойын барысындағы шешім қабылдау сәттері балаларды мәселені бірнеше бағытта қарастыруға итермелеп, ойлау икемділігін қалыптастырады. Бұл үдеріс барысында балалар тек логикалық пайым ғана емес, сонымен бірге ішкі сенім мен жауапкершілік сезімін де дамытады. Шахматтың табиғаты – әр қадамды алдын ала жоспарлап, ықтимал нәтижелерді болжауға негізделетіндігі – оқушыларды стратегиялық тұрғыда ойлауға, яғни кез келген жағдайды жан-жақты талдауға жетелейді. Осылайша, шахмат сабақтары баланың жан-

жақты дамуына ықпал етіп, оның сыни ойлау мәдениетін қалыптастыруға зор мүмкіндік береді.

Оқушылар мен мұғалімдер арасында сауалнамалар жүргізілді. Сауалнаманың нәтижелері шахмат сабақтарының оқушылардың сыни ойлау қабілеттеріне оң әсер еткенін көрсетті. Оқушылардың 85%-ы шахмат сабақтары олардың логикалық ойлау қабілеттерін жақсартып, ақпаратты талдау және шешім қабылдау дағдыларын дамытқанын атап өтті. Мұғалімдер оқушылардың танымдық белсенділігі мен зейінінің артуын, сондай-ақ шығармашылық қабілеттерінің дамуын растады. Бұл нәтижелер ата-аналардың пікірімен де расталды: ата-аналардың 78%-ы балалардың күнделікті өмірде шешім қабылдау дағдыларының жақсарғанын атап көрсетті.

Шахматтың сыни ойлау қабілеттеріне әсерін анықтау үшін арнайы когнитивтік және логикалық ойлауға бағытталған тестілер жүргізілді. Констатаушы эксперимент нәтижелері көрсеткендей, бастапқы кезеңде оқушылардың тек 22%-ы жоғары деңгейдегі нәтижелерге қол жеткізсе, 48%-ы орташа деңгейде болды, ал 30%-ы төмен деңгейде қалды. Бұл мәліметтер оқушылардың бастапқы сыни ойлау қабілеттерінің жеткіліксіз дамығанын көрсетті.

Эксперименттің бастапқы кезеңінде оқушылардың сыни ойлау қабілеттерінің деңгейі анықталды. Төмен деңгейдегі оқушылардың үлесі 30%-ды құрады, орташа деңгейдегі оқушылар – 48%, ал жоғары деңгейдегі оқушылар тек 22%-ды құрады. Бұл нәтижелер оқыту процесінде шахмат элементтерін енгізудің маңыздылығын айқындады.




Сурет 2 - Шахмат сабақтарының әсері туралы деректер (жекелеген көрсеткіштер бойынша)

Шахмат сабақтары енгізілгеннен кейін жүргізілген жұмыстар оқушылардың танымдық үдерістері мен оқу әрекетіне деген қатынасында оң өзгерістердің болғанын көрсетті. Сабақ барысында оқушылар берілген тапсырмаларға жауапкершілікпен қарап, өз ойларын дәлелдеуге, шешім қабылдауда дербестік танытуға тырысты. Мұндай әрекеттер олардың ақпаратпен жұмыс істеу, логикалық байланыстар орнату және өз пікірін жүйелі түрде баяндау дағдыларын дамытты. Сонымен бірге, оқушылардың ойлау әрекетінде белсенділік байқалып, тапсырмаларды орындау барысында бірнеше балама шешімдерді қарастыруға деген талпыныс артты.

Оқу үдерісіне шахмат элементтерін енгізу оқушылардың тек зейін мен есте сақтау қабілеттеріне ғана емес, сондай-ақ талдау мен пайымдау дағдыларына да ықпал еткенін байқауға болады. Оқушылар сабаққа қызығушылық танытып, берілген тапсырмаларды шешуде белсенділік көрсетті. Бұл олардың танымдық дербестігінің артуына жол ашты. Мұғалімдер мен ата-аналардың пікірлеріне сәйкес, оқушылардың күнделікті өмірдегі өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауы мен шешім қабылдау дағдыларының қалыптасуы да осы үдерістің нәтижесі ретінде қарастырылды. Осыған байланысты, зерттеу барысында алынған мәліметтер шахматтың бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау қабілеттерін дамытудағы әлеуетін нақтылай түсті.

Шахмат сабақтары енгізілгеннен кейін қалыптастырушы эксперимент нәтижелері айтарлықтай оң өзгерістерді көрсетті. Жоғары деңгейдегі оқушылардың үлесі 22%-дан 64%-ға дейін артты. Орташа деңгейдегі оқушылардың үлесі 48%-дан 30%-ға дейін төмендеді, ал төмен деңгейдегі оқушылар саны 30%-дан 6%-ға дейін азайды. Сонымен қатар, оқушылардың шешім қабылдау жылдамдығы мен дәлдігі 15%-ға жақсарды. Бұл нәтижелер когнитивтік тестілер мен бақылау мәліметтері арқылы расталды.



Сурет 3: Оқушылардың сыни ойлау қабілеттерінің деңгейі (бастапқы және соңғы кезеңдер)

Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелері t-тест әдісімен талданып, алынған өзгерістердің статистикалық маңыздылығы расталды ( $p < 0.05$ ). Бұл оқушылардың сыни ойлау қабілеттеріндегі өзгерістердің кездейсоқ емес екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері шахматтың бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау қабілеттерін дамытудағы тиімді құрал екенін дәлелдеді. Оқушылардың логикалық ойлау, ақпаратты талдау, шешім қабылдау және шығармашылық қабілеттері айтарлықтай жақсарды. Бұл нәтижелер шахмат сабақтарын оқу бағдарламасына енгізудің маңыздылығын растайды және білім беру жүйесінде шахмат элементтерін қолданудың тиімділігін көрсетеді. Бұл нәтижелер Қазақстанда білім беру бағдарламаларын жетілдіру және педагогикалық тәжірибені байытуға бағытталған жаңа тәсілдер ұсынуға мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелері негізінде жүргізілген талдау барысында шахмат сабақтарының оқушылардың сыни ойлау қабілеттеріне нақты әсері бары анықталды. T-тест әдісінің нәтижелері алынған өзгерістердің статистикалық тұрғыдан маңыздылығын дәлелдеді, бұл жүргізілген эксперименттің ғылыми негізділігін күшейте түсті. Зерттеу деректері бойынша, оқушылардың ойлау үдерісіндегі сапалық өзгерістер кездейсоқ факторлардың емес, мақсатты түрде ұйымдастырылған шахмат сабақтарының нәтижесі екені нақтыланды. Бұл әдістемелік тәсілдің тиімділігін арттыруға және педагогикалық тәжірибеде кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.

Шахмат ойыны оқушылардың тек логикалық ойлауын ғана емес, сонымен бірге ақпаратты талдау, дәлелдеу, шешім қабылдау және шығармашылық тұрғыдан ой қорыту дағдыларын дамытатыны байқалды. Зерттеу барысында оқушылардың оқу материалын меңгеру сапасы жақсарып, тапсырмаларды орындау барысында жүйелі ойлау мен талдау қабілеттері қалыптаса түсті. Мұндай өзгерістер оқушылардың танымдық дербестігін күшейтіп, білім алу үдерісіне деген жауапкершілік сезімін арттырды. Сонымен қатар,

шахмат сабақтары оқушылардың оқу мотивациясына оң әсер етіп, олардың сабаққа деген қызығушылығын арттырды.

Зерттеу нәтижелері білім беру жүйесінде шахмат элементтерін қолданудың болашағы бар бағыт екенін көрсетті. Бұл тәсіл бастауыш сынып оқушыларының ойлау мәдениетін қалыптастыруға, танымдық және тұлғалық дамуын қолдауға тиімді құрал ретінде қарастырылады. Шахматты оқу бағдарламасына енгізу білім сапасын арттырумен қатар, оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін дамытуға да ықпал етеді. Осыған орай, зерттеу қорытындылары Қазақстандағы білім беру бағдарламаларын жетілдіру жолында шахматты педагогикалық тәжірибеге енгізудің өзектілігін дәлелдеп, білім беру саласында жаңа әдістемелік шешімдер ұсынуға негіз бола алады.

**Талқылау.** Зерттеу нәтижелері шахматтың бастауыш сынып оқушыларының логикалық, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттері артып, ақпаратты талдау, шешім қабылдау, мәселелерді шешуде сенімділік танытқаны байқалды. Танымдық қабілеттердің дамуы оқушылардың тапсырмаларды орындау жылдамдығы мен дәлдігінің жақсаруымен көрінді. Сонымен қатар, шахматтың ойын элементтері шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытты: оқушылар жаңа комбинациялар мен тактикаларды ойлап тауып, ойын барысындағы стратегиялық шешімдерді терең түсіне бастады.

Бұл зерттеудің нәтижелері отандық және шетелдік ғалымдардың шахматтың білім беру саласындағы тиімділігі туралы пікірлерімен сәйкес келеді. Мысалы, Акманова З. Р. шахматтың шығармашылық және сыни ойлауды дамытудағы рөлін атап өткен, бұл біздің зерттеумен толық үйлеседі [8, 3-б.]. Гарвард университетінде жүргізілген зерттеулер бойынша, шахмат логикалық ойлауды 17%-ға арттырады. Бұл біздің оқушылардың сыни ойлау деңгейінің бастапқы кезеңнен соңғы кезеңге дейінгі көрсеткіштерінің жақсаруы арқылы расталды.

Ресейлік зерттеуші Каршиганов шахматтың оқушылардың математикалық қабілеттерін дамытудағы маңыздылығын атап өтсе, біздің зерттеу оқушылардың шахмат арқылы логикалық және танымдық дағдыларының кешенді түрде дамитынын көрсетті [9, 159-б.].

Мысалы, Kazemi, F. және т.б. зерттеулері шахматтың когнитивтік дағдылар мен мәселелерді шешу қабілеттерін дамытудағы тиімділігін көрсеткен. Бұл біздің зерттеу нәтижелерімізді толықтырады, өйткені оқушылардың шешім қабылдау қабілеті 15%-ға жақсарғанын дәлелдедік [10, 372-б.].

Шахмат ойыны бастауыш сынып оқушыларының когнитивтік, логикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуда ерекше маңызға ие. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, шахмат оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, ақпаратты талдау, салыстыру, жүйелеу және дұрыс шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруда тиімді құрал ретінде көрінеді. Куатов, Бапанова және Калкеева шахматтың балалардың интеллектуалдық әлеуетін дамытуға ықпал ететінін ғылыми негізде дәлелдеген [11, 4-б.]. Авторлар бастауыш сыныптағы оқушылардың танымдық үдерістерінің белсендіруі зейін, есте сақтау, салыстыру, логикалық тұжырым жасау қабілеттерімен тікелей байланысты екенін атап өткен.

Шахматтың әсері тек когнитивтік даму аясымен шектелмейді. Ол сондай-ақ шығармашылық қабілетті дамытудың тиімді тетігі ретінде танылады. Наумов өз зерттеуінде шахматтың бастауыш сынып оқушыларына ойлау икемділігі мен ойша модельдеуді үйрету арқылы шығармашылық әлеуетті арттыратынын көрсетеді [12, 142-б.]. Оқушылар ойын барысында түрлі стратегияларды қолдануға, баламалы шешімдерді іздеуге, өз идеясын дәлелдеуге дағдыланады. Бұл дағдылар өз кезегінде баланың өзіндік ой қалыптастыруына және еркін пікір білдіруіне жол ашады. Мұндай қабілеттердің дамуы оқушының оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттырып, оның дербес әрекет етуіне жағдай жасайды.

Шахмат пән ретінде тек оқушының ішкі мүмкіндіктерін дамытуға емес, сонымен қатар оқыту жүйесінің сапасын арттыруға да үлес қосады. Ушинский атындағы университет зерттеушілері шахматтың көрнекі құрал ретінде танымдық мотивация мен оқу әрекетінің сапасын арттыруда үлкен рөл атқаратынын дәлелдеген [13, 99-б.]. Бұл идеяны жалғастыра отырып Турсунгожинова Г.С. шахматтың тәрбиелік мәнін, мінез қалыптастырудағы рөлін және тұлғаның жауапкершілік сезімін арттыруға ықпалын сипаттайды [14, 141-б.]. Бұл тұжырымдарды Айжанова З. және әріптестері де қуаттайды: олар шахматтың құрылымдық оқыту әдісі ретінде оқушылардың сыни ойлау деңгейін жүйелі түрде арттыратынын атап өтеді [15, 6-б.].

Қазіргі педагогикалық тәжірибеде шахматтың мәнін тереңірек түсінуде Ыбырайимжанов бастаған авторлық ұжымның еңбегі маңызды. Олар шығармашылық және зерттеушілік құзыреттілікті дамытуда шахматтың қолданылуын педагогикалық тұрғыдан негіздеп, білім беру мазмұнына интеграциялау жолдарын көрсеткен. Зерттеуде шахмат тек ойын ғана емес, тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін білім беру құралы ретінде сипатталады. Мұндай ғылыми тұжырымдар шахматты бастауыш білім беру мазмұнына жүйелі енгізу қажеттігін көрсетеді және білім сапасын арттырудың баламалы жолы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеудің нәтижелері шахмат элементтерін бастауыш сынып бағдарламасына енгізудің артықшылықтарын нақтылай түседі. Біріншіден, шахмат оқушылардың танымдық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуда тиімді құрал ретінде қызмет етеді. Екіншіден, шахмат сабақтары оқушылардың логикалық және шығармашылық қабілеттерін белсенді түрде жетілдіреді, бұл олардың оқу жетістіктерін арттыруға мүмкіндік береді. Үшіншіден, шахматтың ойындық сипаты балалардың оқуға деген ынтасын арттырып, білім беру процесіне қызығушылықтарын оятады.

Зерттеу нәтижелері Қазақстанның білім беру жүйесіне шахмат элементтерін интеграциялау бойынша жаңа әдістемелер мен ұсыныстар жасауға негіз болады. Бұл бастама оқушылардың сыни және танымдық дағдыларын дамытуға мүмкіндік беріп, олардың оқу нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді. Шахмат сабақтарын енгізу болашақта оқушыларды ХХІ ғасырдың талаптарына сай даярлауға көмектесетін инновациялық әдістердің бірі болып табылады.

**Қорытынды.** Зерттеу барысында шахматтың бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау қабілеттерін дамытуда тиімді құрал екені дәлелденді. Шахмат сабақтары оқушылардың ақпаратты талдау, логикалық шешім қабылдау және шығармашылық тұрғыда ойлау қабілеттерін арттырды. Константатаушы және қалыптастырушы эксперимент нәтижелері шахматтың оқушылардың танымдық белсенділігіне, зейініне және өз бетімен шешім қабылдау дағдыларына оң әсер ететінін нақты көрсетті.

Бұл зерттеу Қазақстанның бастауыш білім беру жүйесінде шахматтың қолданылуының артықшылықтарын нақты дәлелдермен көрсеткен алғашқы жұмыстардың бірі болып табылады. Зерттеу нәтижелері шахмат элементтерін оқу бағдарламасына енгізу үшін әдістемелік негіз қалады. Сонымен қатар, бұл зерттеу оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған жаңа педагогикалық тәсілдерді ұсынды, бұл Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғырту аясында ерекше маңызға ие.

Зерттеудің нәтижелері шахматты орта және жоғары сынып оқушыларының оқу үдерісінде қолданудың тиімділігін зерттеу қажеттігін көрсетеді. Болашақта шахматтың басқа когнитивтік қабілеттерге (есте сақтау, назар аудару, стратегия құру) тигізетін әсерін тереңірек талдау маңызды. Сонымен қатар, шахмат сабақтарының оқушылардың оқу мотивациясына, ұжымдық жұмыс дағдыларына және эмоционалдық интеллектіне тигізетін ықпалын зерттеу болашағы бар бағыттардың бірі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері шахматты тек когнитивтік емес, тұлғалық даму бағыттарына да ықпал ететінін көрсетті. Ойын барысында оқушылардың шыдамдылық танытуы, өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауы және қарсыласпен сыпайы қарым-қатынас орнатуы жиі байқалды. Мұндай қасиеттер адамгершілік тәрбиенің маңызды компоненттері болып

саналады. Шахмат тек логиканы ғана емес, сонымен бірге ішкі мәдениетті, сабырлылықты, эмоционалдық тепе-теңдікті қалыптастыруға септігін тигізетін бірегей құрал. Бастауыш жаста қалыптасатын бұл дағдылар оқушының мектептегі және күнделікті өмірдегі мінез-құлқына оң әсерін тигізеді. Сондықтан, шахматты білім беру үдерісіне енгізу тәрбие мен оқытуды біртұтас қарастыратын жүйелі педагогикалық ұстаным ретінде қарастырылуы қажет.

Мұғалімдердің тәжірибесі мен пікірлері негізінде шахмат сабақтарын жоспарлау мен өткізу кезінде әдістемелік қолдаудың маңыздылығы айқындалды. Педагогтер шахматты тиімді қолдану үшін арнайы дайындықтан өтуі тиіс. Бұл бағытта білім беру мекемелеріне арналған семинарлар, біліктілікті арттыру курстары мен оқу құралдары әзірленуі қажет. Зерттеу барысында педагогтердің шахматты оқу үдерісіне ендіруде әдістемелік қиындықтарға тап болатыны байқалды. Дегенмен, оқушылардың қызығушылығы мен нәтижелердің жоғарылауы бұл қиындықтарды жеңуге себепкер болды. Білім беру саласында шахматты кең көлемде қолдану үшін оқу-әдістемелік ресурстар жүйелі түрде жетілдірілуі қажет.

Оқушылардың пәндік білім сапасына әсер ететін фактор ретінде шахматтың пәнаралық байланыс орнатуға мүмкіндік беретіні де дәлелденді. Математика, тіл дамыту, жаратылыстану пәндерінде оқушылардың тапсырмаларды орындау сапасы мен жылдамдығы артқаны байқалды. Бұл үдеріс оқушылардың ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын жақсартып, логикалық қорытынды жасау қабілетін дамытатынын көрсетті. Шахмат арқылы алған дағдылар оқушылардың академиялық үлгеріміне оң ықпалын тигізіп қана қоймай, күрделі ситуацияларда шешім қабылдауға, болжам жасауға және жағдайды талдай білуге баулиды. Яғни, шахмат тек ойын ретінде емес, білім алушының жан-жақты дамуына жол ашатын пәнаралық интеграция құралы ретінде тиімділігін дәлелдеді.

Осы зерттеудің нәтижелері шахматты бастауыш білім берудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажеттігін негіздеді. Бұл бағыттағы жұмысты жалғастыру, шахматтың орта және жоғары сыныптардағы тиімділігін тереңірек зерделеу болашақта білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, зерттеу барысында алынған нәтижелерді еліміздің әртүрлі аймақтарындағы мектептерде сынақтан өткізу, түрлі элеуметтік-мәдени ортадағы оқушылармен жұмыс істеу арқылы шахматтың әмбебаптығын дәлелдеуге жол ашылады. Білім беру саясатына енгізілетін жаңашылдықтар тек мазмұндық емес, формалық тұрғыдан да өзектендірілуі тиіс. Шахматтың тәрбиелік, танымдық және тұлғалық даму бағыттарындағы артықшылықтарын ескере отырып, оны кеңінен қолдану педагогикалық практиканы сапалық жаңа деңгейге көтереді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Khachatryan H., Khachatryan S., Movsisyan N., Gevorgyan L.L. The Enhancement of Students' Critical Thinking With the Use of "Chess" // *Scientia Paedagogica Experimentalis*. – 2024. – С. 1–15. – DOI: 10.57028/s61-105-z1055.
2. Gavrysh I., Dotsenko S. Critical Thinking Development of Primary School Pupils by Means of Inventive Problems // *Educational Challenges*. – 2021. – Т. 26. – № 1. – С. 28–40. – DOI: 10.34142/2709-7986.2021.26.1.03.
3. Марюков А. М. Проблемное обучение и формирование критического мышления // *Образовательная политика*. – 2022. – № 4 (92). – С. 56–64.
4. Геворкян С. Р. и др. Исследования и опыт преподавания предмета «шахматы» в системе образования Республики Армения // *Психологическая наука и образование*. – 2023. – Т. 28. – № 6. – С. 121–135.
5. Patel A. Chess – Foundation for Mathematics: In What Ways Can Chess Improve a Child's Mathematical Skills? // *International Journal of Scientific Research in Engineering and Management*. – 2024. – С. 15–21. – DOI: 10.55041/ijsrem29035.
6. Даулетова Г. Б. и др. Теоретический анализ измерения и интеллектуального развития детей младшего школьного возраста // *3i: intellect, idea, innovation-интеллект, идея,*

инновация. – 2024. – № 1. – С. 103–113. – DOI: [https://doi.org/10.52269/22266070\\_2024\\_1\\_103](https://doi.org/10.52269/22266070_2024_1_103)

7. Әлімова Қ. Бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен нәтижелерін бағалаудағы ойын әдістері // Scientific Collection «InterConf». – 2021. – № 51. – С. 52–60.

8. Акманова З. Р. Формирование творческого и критического мышления обучающихся на основе мировой шахматной культуры // Техническое творчество молодежи. – 2020. – № 5. – С. 39–45.

9. Каршиганов Н. К., Отепова Г. Е. Интеллектуальная игра как фактор развития критического мышления школьников // Банзаровские чтения. – 2022. – С. 159–163.

10. Kazemi F., Yektayar M., Bolban Abad A. Investigation the Impact of Chess Play on Developing Meta-Cognitive Ability and Math Problem-Solving Power of Students // Procedia - Social and Behavioral Sciences. – 2019. – Т. 32. – С. 372–379. – DOI: 10.1016/J.SBSPRO.2012.01.056.

11. Куатов А., Бапанова Г., Калкеева К. Развитие интеллектуальных способностей младших школьников посредством шахмат // ВІЛІМ – Ғылыми-педагогикалық журнал. – 2025. – № 1 (112). – С. 83–97. – DOI: <https://doi.org/10.59941/2960-0642-2025-1-83-97>.

12. Наумов Д.И. Формирование исторической памяти учащихся начальной школы: философско-образовательный аспект // Қазіргі заманғы кәсіби педагогикалық білім беру дәстүрінің сабақтастығы : материалдары халықаралық ғылыми-практикалық конференция (17–18 қазан 2024 ж.). – Қарағанды, 2024. – С. 11–16.

13. Ыбыраимжанов К.Т., Фейзулдаева С.А., Бакеева Ф.С. Структурно-содержательные особенности развития творческих способностей будущих учителей начальных классов через исследовательские компетенции // Вестник Абай университеті. – 2024. – Т. 83. – № 3. – С. 1–10. – DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.83.3.018>.

14. Турсунгожинова Г.С., Наурызбаева Ж.М. Шығармашылық ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту // ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және әлеуметтану сериясы. – 2014. – № 4 (51). – Б. 48–52.

15. Айжанова З., Құсайынова М., Тілеубаева М. Бастауыш сынып оқушыларында теориялық ойлауды дамыту үшін тұлғаға бағытталған оқытуды зерттеу // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. «Психология» сериясы. – 2021. – Т. 68. – № 3. – Б. 97–104.

## References

1. Khachatryan H., Khachatryan S., Movsisyan N., Gevorgyan L.L. The Enhancement of Students' Critical Thinking With the Use of "Chess" // Scientia Paedagogica Experimentalis. – 2024. – С. 1–15. – DOI: 10.57028/s61-105-z1055.

2. Gavrysh I., Dotsenko S. Critical Thinking Development of Primary School Pupils by Means of Inventive Problems // Educational Challenges. – 2021. – Т. 26. – № 1. – С. 28–40. – DOI: 10.34142/2709-7986.2021.26.1.03.

3. Marlyukov, A. M. (2022). Problemnoe obuchenie i formirovanie kriticheskogo myshleniia [Problem-based learning and the formation of critical thinking]. *Obrazovatel'naya politika* [Educational Policy], 4(92), 56–64. [in Russian].

4. Gevorkyan, S. R., et al. (2023). Issledovaniya i opyt prepodavaniya predmeta «shakhmaty» v sisteme obrazovaniya Respubliki Armeniya [Studies and experience of teaching “chess” in the education system of the Republic of Armenia]. *Psikhologicheskaya nauka i obrazovanie* [Psychological Science and Education], 28(6), 121–135. [in Russian]

5. Patel A. Chess – Foundation for Mathematics: In What Ways Can Chess Improve a Child’s Mathematical Skills? // International Journal of Scientific Research in Engineering and Management. – 2024. – С. 15–21. – DOI: 10.55041/ijrem29035.

6. Dauletova, G. B., et al. (2024). Teoreticheskii analiz izmereniya i intellektual'nogo razvitiya detey mladshego shkol'nogo vozrasta [Theoretical analysis of measurement and intellectual development of younger school-age children]. 3i: intellect, idea, innovation-intellekt,

ideya, innovatsiya [3i: intellect, idea, innovation], 1, 103–113. [https://doi.org/10.52269/22266070\\_2024\\_1\\_103](https://doi.org/10.52269/22266070_2024_1_103) [in Russian]

7. Alimova, Q. (2021). Bastauysh synyp oqushylarǵyn oqytu men nátizhelerin baǵalaudaǵy óıyn ádisteri [Game methods for teaching and assessing outcomes of primary school students]. Scientific Collection “InterConf”, 51, 52–60. [in Kazakh]

8. Akmanova, Z. R. (2020). Formirovanie tvorcheskogo i kriticheskogo myshleniya obuchayushchikhsya na osnove mirovoy shakhmatnoy kultury [Formation of creative and critical thinking of students based on world chess culture]. Tekhnicheskoe tvorchestvo molodezhi [Technical Creativity of Youth], 5, 39–45. [in Russian]

9. Karshiganov, N. K., & Otepova, G. E. (2022). Intellektual'naya igra kak faktor razvitiya kriticheskogo myshleniya shkol'nikov [Intellectual game as a factor in the development of critical thinking of schoolchildren]. Banzarovskie chteniya [Banzarov Readings], 159–163. [in Russian]

10. Kazemi F., Yektayar M., Bolban Abad A. Investigation the Impact of Chess Play on Developing Meta-Cognitive Ability and Math Problem-Solving Power of Students // Procedia - Social and Behavioral Sciences. – 2019. – T. 32. – С. 372–379. – DOI: 10.1016/J.SBSPRO.2012.01.056.

11. Kumatov A., Bapanova G., Kalkeeva K. Razvitie intellektual'nykh sposobnostey mladshikh shkol'nikov posredstvom shakhmat // BILIM – G'ylymi-pedagogikalıyq zhurnal. – 2025. – № 1 (112). – S. 83–97. – DOI: <https://doi.org/10.59941/2960-0642-2025-1-83-97>.

12. Naumov D.I. Formirovanie istoricheskoy pamyati uchashchikhsya nachal'noy shkoly: filosofsko-obrazovatel'nyy aspekt // Qazirgi zamang'y kasibi pedagogikalıyq bilim beru dástúrinin sabakta-styg'y : materialdary khalyqaralyq g'ylymi-praktikalıyq konferentsiyasy (17–18 qazan 2024 zh.). – Qarag'andy, 2024. – S. 11–16.

13. Ybyraimzhanov K.T., Feyzuldaeva S.A., Baekeeva F.S. Strukturno-soderzhatel'nye osobennosti razvitiya tvorcheskikh sposobnostey budushchikh uchiteley nachal'nykh klassov cherez issledovatel'skie kompetentsii // Vestnik Abai universiteti. – 2024. – T. 83. – № 3. – S. 1–10. – DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.83.3.018>.

14. Tursungozhinova G.S., Nauryzbaeva Zh.M. Shyg'armashylyk oiyn dar arqyly bastauysh synyp oq'ushylarynyng' shyg'armashylyk qabileterin damytu // Qaz'U Khabarshysy. Psikhologiya zhane aleumettanu seriyasy. – 2014. – № 4 (51). – B. 48–52.

15. Aizhanova Z., Qusaynova M., Tileubaeva M. Bastauysh synyp oq'ushylarynda teoriyalıyq oilawdy damytw úshin tulg'ag'a baǵyttaıly oq'ytwdy zertteı // Abai atyndaǵy Qaz'U PU Khabarshysy. "Psikhologiya" seriyasy. – 2021. – T. 68. – № 3. – B. 97–104.

## РОЛЬ ШАХМАТ В РАЗВИТИИ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ У УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

<sup>1</sup>Аманжолова Б.О.<sup>а</sup>, <sup>1</sup>Кокебаева Р.С.

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы

Автор для корреспонденции: Аманжолова Б.О., [bagilaamanzholova@gmail.com](mailto:bagilaamanzholova@gmail.com)

**Аннотация.** В данной статье всесторонне рассматривается значение шахмат в развитии критического мышления у учащихся начальных классов. Исследование направлено на научный анализ влияния шахмат на формирование когнитивных и логических навыков, а также на повышение познавательной активности учащихся. Авторы определили педагогическую эффективность внедрения шахмат в образовательный процесс с использованием экспериментальных и эмпирических методов.

Исследование состояло из трех основных этапов: констатирующего эксперимента, внедрения элементов шахмат в учебный процесс и формирующего эксперимента. На каждом этапе оценивались изменения в логическом, критическом и творческом мышлении

учащихся. Установлено, что игра в шахматы значительно способствует развитию навыков принятия решений, анализа информации и решения проблем.

Кроме того, в исследовании применялись методы анкетирования, наблюдения и когнитивного тестирования. Полученные результаты показали положительное влияние шахмат на учебную мотивацию и устойчивость внимания учащихся. Согласно экспериментальным данным, доля учащихся с высоким уровнем критического мышления увеличилась с 22% до 64%, тогда как доля учащихся с низким уровнем снизилась с 30% до 6%. Статистическая значимость результатов подтверждена с помощью t-теста ( $p < 0.05$ ).

В статье представлен обзор отечественной и зарубежной научной литературы, а также проведен теоретический анализ преимуществ использования шахмат в образовательной сфере. Результаты исследования подтверждают эффективность внедрения шахмат в программу начального образования с точки зрения повышения качества обучения и когнитивного развития учащихся. Кроме того, работа вносит вклад в модернизацию системы образования Казахстана, предлагая методические основы использования шахмат как педагогического инструмента.

**Ключевые слова:** шахматы; критическое мышление; начальная школа; когнитивная активность; методика обучения; творческие способности.

## THE ROLE OF CHESS IN DEVELOPING CRITICAL THINKING SKILLS AMONG PRIMARY SCHOOL STUDENTS

<sup>1</sup>Amanzholova B.O.<sup>a</sup>, <sup>1</sup>Kokebayeva R.S.

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan

Corresponding author: Amanzholova B.O., [bagilaamanzholova@gmail.com](mailto:bagilaamanzholova@gmail.com)

**Abstract.** This article comprehensively examines the role of chess in developing critical thinking skills among primary school students. The study aims to provide a scientific analysis of the impact of chess on the formation of cognitive and logical skills, as well as on enhancing students' cognitive activity. The authors assess the pedagogical effectiveness of integrating chess into the educational process using experimental and empirical methods.

The study consisted of three main stages: a diagnostic (ascertaining) experiment, the implementation of chess elements into the learning process, and a formative experiment. At each stage, changes in students' logical, critical, and creative thinking were evaluated. The findings indicate that playing chess significantly improves students' decision-making, information analysis, and problem-solving abilities.

In addition, the study employed questionnaires, observation, and cognitive testing methods. The results demonstrated a positive impact of chess on students' learning motivation and attention stability. According to the experimental data, the proportion of students with a high level of critical thinking increased from 22% to 64%, while the proportion of students with a low level decreased from 30% to 6%. The statistical significance of these results was confirmed using a t-test ( $p < 0.05$ ).

The article also includes a review of domestic and international scientific literature and provides a theoretical analysis of the advantages of chess in education. The findings confirm that integrating chess into primary education curricula positively affects the quality of education and students' cognitive development. Furthermore, the study contributes to the modernization of Kazakhstan's education system by proposing methodological foundations for using chess as a pedagogical tool.

**Keywords:** chess; critical thinking; primary education; cognitive activity; teaching methodology; creativity.

## Авторлар туралы ақпарат // Информация об авторах // Information about the Authors

**Аманжолова Багила Омаргазыевна** - Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультеті, Дене мәдениетінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының 2-курс магистранты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті; Алматы қ. Қазақстан

**Аманжолова Багила Омаргазыевна** - Магистрант 2 курса кафедры теории и методики физической культуры, факультета физической культуры и начальной военной подготовки, Казахский Национальный Педагогический университет; г.Алматы, Казахстан.

**Amanzholova Bagila Omargazyevna** - 2nd year master's student of the Department of Theory and Methods of Physical Education, Faculty of Physical Education and Initial Military Training, Kazakh National Pedagogical University; Almaty, Kazakhstan.

**e-mail:** [bagilaamanzholova@gmail.com](mailto:bagilaamanzholova@gmail.com)

**ORCID iD:** 0009-0001-0024-2566

**Көкебаева Рысгүл Саябековна** - Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультеті, Дене мәдениетінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті; Алматы қ. Қазақстан

**Көкебаева Рысгүл Саябековна** - Факультет физической культуры и начальной военной подготовки, старший преподаватель кафедры теории и методики физической культуры, кандидат педагогических наук, Казахский Национальный Педагогический университет; г.Алматы, Казахстан.

**Kokebayeva Rysgul Sayabekovna** - Faculty of Physical Education and Initial Military Training, Senior Lecturer at the Department of Theory and Methods of Physical Education, Candidate of Pedagogical Sciences, Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

**e-mail:** [kokebayeva111@gmail.com](mailto:kokebayeva111@gmail.com)

**ORCID iD:**0009-0000-0338-1820